



Мерейлі
ОТБАСЫ

ҰЛТТЫҚ КОНКУРСЫ

10 ЖЫЛ

«МЕРЕЙЛІ ОТБАСЫ-2023»

ҰЛТТЫҚ КОНКУРСЫНЫҢ ЖЕҢІМПАЗДАРЫ



Садуақасовтар отбасы – метеорология және гидрология саласында еңбек ететін өнегелі отбасы

Отағасы – Садуақасов Жұмабай Шаматайұлы, қазақ, 1940 жылы дүниеге келген. Жас кезінен оқуға деген құштарлығымен көп жылдарын оқуға арнаған. 40 жылдан аса Бесоба елді-мекенінде орналасқан ауа райын бақылау орталығы Казгидрометтің басшысы болып қызмет атқарды.


Отанасы – Садуақасова Тишжан Ақбергенқызы, қазақ, 1943 жылы дүниеге келген. Батыр ана және Алтын алқа иегері атанды. Өмірін бала тәрбиесіне және енесіне қамқорлық жасауға арнады.



Садуақасовтар отбасы – 14 бала, 37 немере, 19 шөбере тәрбиелеп өсіріп отырған үлкен қара шаңырақ. Садуақасовтар отбасынан кәсіби мамандар шыққан, оның ішінде теміржол саласында – 2, Казгидромет саласында - 3, ұстаздық саласында – 4, дәрігерлік саласында – 3 және полиция қызметінде 1 жұмыс атқарады.

Садуақасов Жұмабай зейнеткерлікке шыққан соң, бүгін ауа райын бақылау саласында әке жолын ұлы мен келіні Садуақасов Жандос пен Маржан, қызы Садуақасова Назира жалғастырып келеді.

Отбасының негізгі құндылығы - бірлік, татулық, өзара сыйластық. Ата-баба тектілігін дәріптеу, ұрпақтан-ұрпаққа мұра ету, көп балалы отбасы дәстүрін жалғастыру болып табылады.



Сыбанбековтер – қайырымдылықпен айналысатын кәсіпкерлер отбасы

Отағасы – Сыбанбеков Болат Қуанышбекұлы, қазақ, 50 жаста, «ADANAZ» ЖШС техникалық директоры.

Жары – Жандай Сана Шайханқызы, қазақ, 48 жаста, «ADANAZ» ЖШС құрылтайшысы және директоры.



Сыбанбековтердің отбасы құрғандарына биыл 25 жыл. Отбасында 3 ұл, 1 қыз тәрбиелеп отыр.

Сыбанбековтер отбасы кәсіпкерліктің ырысын тасытып, берекелі еткен іс – қайырымдылықпен тікелей байланысты болар деп, көп жылдан бері, жағдайы төмен жанұяларға қарасып, қыста көмірмен, азық-түлікпен қамтамасыз етеді. «Мектепке жол» акциясы аясында жыл сайын 300-ден астам балаларға мектеп формасын, керекті құрал-жабдықтармен қатар ертеңгі күнге деген сенімділік пен мейірім сыйлайды. Пандемия өрттей өршіген сындарлы сағатта еріктілер қатарынан табылып, қиналған жанға жеке көліктерімен дәрі-дәрмек пен азық-түлік жеткізген.

Қостанай облысындағы өрттің салдарынан зардап шеккен азаматтарымызға алғашқы қажеттіліктерін дер кезінде жолдап отырған.

Сыбанбековтер отбасында «Қайырымдылық жүректі нұрландырады, өмірге мән дарытады» деген жазылмаған қағида сақталған.



Бейсбековтар отбасы – қолөнершілер отбасы

Отағасы: Бейсбеков Болатбек Бектасұлы 63 жаста. 1960 жылы дүниегекелген. «Алтын орда» галереясында суретші, қолөнерші.


Отанасы: Айдарбекова Күләш 65 жаста 1958 жылы дүниеге келген. Суретші, қолөнерші.



Болатбек Бектасұлы 2008 жылдан Қазақстан Суретшілер Одағының мүшесі, 2013 жылдан Қазақстан қолөнершілер одағының мүшесі. 2008ж «Алтын сапа» атты облыстық көрмеде «Жылдың ең үздік қолөнерші-кәсіпкері» номинациясына 1 дәрежелі дипломымен марапатталған. 2010ж «Менім Отаным-Қазақстан» атты облыстық плакаттар көрмесіне қатысып, 1-орынға ие болды. 2017 жылы VIII Республикалық «Тәуелсіздік толғау» атты жаңа өнер туындыларына арналған конкурстың «Ең үздік қолөнер туындысы» номинациясы бойынша 1 орын иегері. «Ереулі атқа ер салмай, Ерлердің ісі бітірме!?» туындысының авторы.

Айдарбекова Күләш 2011 жылы Қазақстан шеберлер байқауының дипломанты. 2004 ж Ә.Қастеевтің 100 жылдық мерейтойына байланысты көрмесіне қатысқан. 2006ж «Көк күмбезді Түркістан» атты Республикалық байқауда дипломмен марапатталған.

Отбасыларында 5 ұл 1 қыз тәрбиелеп, 23 немере сүйіп отыр.



Қазанғаповтар отбасы – агроөнеркәсіп саласында қызмет ететін отбасы

Отағасы – Қазанғапов Ыбырай, қазақ, 75 жаста. Қазақстан Республикасы Парламент Мәжілісінің төрағасы Е.Қошановтың алғыс хаты, «Целиноград ауданның 85 жылдығы», «Целиноград ауданының 90 жылдығы», «Ауыл еңбегі үшін» медалі және аудан, қала басшыларының Құрмет грамоталары, алғыс хаттарымен марапатталған.

Жұбайы – Есжанова Бибісара Есіркепқызы, қазақ, 65 жаста, көпбалалы ана.




Қазанғаповтар отбасы – үлкен қара шаңырақ 6 бала, 19 немере, тәрбиелеп өсіріп, 44 жыл отасқан отбасы.

Қазанғаповтар отбасында мұғалім, электромонтажер, мемлекеттік қызметкер, студенттер мен оқушылар бар.

Отбасының негізгі ұстанымы: өзара сыйластық, қолдау, адалдық, түсіністік, үлкенге-ізет, кішіге-құрмет, ауызбіршілік, сенім арту.

Басты отбасылық қағидаттары: Ұйымшылдық, бірлік.



Спановтар отбасы – ауыл шаруашылығымен айналысатын отбасы

Отағасы - Құлмағамбет Қуаныш Спанұлы 1938 жылы қарапайым отбасында дүниеге келген. Ауданның ауыл шаруашылық саласында ұзақ жыл қызмет атқарған. 2009 жылы дүниеден өтті.

Отанасы - Отанасы Гүлжаһан 81 жаста, зейнеткер, көп балалы ана. «Алтын алқа» иегері. Шыбынтаева Гүлжаһан екеуі отбасында 4 қыз, 5 ұлды тәрбиелеп өсірген.



Әулетте 9 баладан 37 немере, 14 шөбере өрбіген.

Балалары мен немерелері әр салада – құқық қорғау органдарында, мемлекеттік қызметте, медицина саласында, мұнай газ, ақпараттық технологиялар саласында, білім саласында және кәсіпкерлікпен айналысады.

Отбасының негізгі ұстанымы: «Бірі бәрі үшін, бәрі бірі үшін» «Ар ұят бәрінен жоғары» «Өлсең де өтірік айтпа» «Адам жасағанды адам жасай алады» «Еңбек түбі береке», «Кішкентайында араласпаған бала өскенде бірін-бірі іздемейді» деген отбасы девиздерін ұстанады.



Адияттар отбасы – ұстаздар отбасы

Отағасы – Хинаят Адият, қазақ, 1933 жылы туған, 62 жасында қайтыс болған.

Отанасы – Дулдай Сархад, қазақ, 73 жаста, көпбалалы ана. «Алтын алқа» иегері. Мал шаруашылығымен айналыса жүріп, балаларының барлығын орта және жоғары оқу орнында оқытқан. 1995жылы жолдасы Хинаят Адият қайтыс болғаннан кейін, балаларыменбірге атажұртқа қоныс аударады.



Адияттар әулетінде 9 ұл мен 4 қыз тәрбиеленіп, 41 немере, 32 шөбересі бар жалпы білімсаласы бойынша 19 ұстаз (балалары, келіндері, немерелері) қызмет етуде және медицина саласында 3 дәрігер өз қызметін атқаруда.

Отбасының негізгі ұстанымы: Бала тәрбиесінің алғашқы алтын қазығы туған ұясы, өз отының басындағы тәрбиесі, тілі.

Басты отбасылық қағидаттары: қандай жағдай болса да әрқашан бір біріне көмек көрсету, ауызбіршілікте болу.



Бекеновтер отбасы – өрт сөндірушілер отбасы

Отағасы – Бекен Сағызбай, қазақ, 83 жаста. 14 жасынан бастап ол ағаш ұстасы болды және құрылыс жұмыстарымен айналысты, көптеген ғимараттардың негізін қалады. «Еңбек озаты», «Еңбек ері» атақтарын алған, В.И. Лениннің 150 жылдығына орай төс белгіге ие болған.

Отанасы – Бөлекбаева Әмина, қазақ, 75 жаста. Зейнеткерлікке шыққанға дейін «Атырау-балық» зауытында жұмыс істеді. Көпбалалы ана. «Материнство III степени» төс белгісінің иегері.




Бекеновтер отбасы – 7 ұл, 19 немере, 4 шөбере тәрбиелеп өсіріп отырған үлкен қара шаңырақ. Бекеновтер отбасынан 3 өрт сөндіруші, 2 жеке кәсіпкер, 1 мұғалім, 1 техник бағдарламашысы, 5 мемлекеттік қызметкер, 2 «Оқу озаты» иегерлері шыққан.

Үлкен ұлы Серік «Теңізшевройл» ЖШС-де өрт сөндіру және авариялық-құтқару жұмыстары, жедел қызмет бөлімінің басшысы болып жұмыс істейді. «Теңізшевройл» ЖШС бірнеше төсбелгілерімен және алғыс хаттармен марапатталған. Ол сондай-ақ Атырау облыстық қан орталығының тұрақты доноры, 25 жыл ішінде 46 рет қан тапсырған, «Денсаулық сақтау саласына қосқан үлесі үшін» наградасын алды.

Бесінші ұлы Бауыржан мен алтыншы ұлы Бақытжан да «Теңізшевройл» ЖШС-де өрт сөндіруші болып жұмыс істейді. Алғыс хаттармен және грамоталармен марапатталған.

Отбасының негізгі ұстанымы: Қолдау, түсіну, сыйлау. Отанды, халқын, жерін, елін сүю «Атаның ұлы емес, халықтың ұлын» тәрбиелеу.



Макиленовтар отбасы – құқық қорғау саласы қызметкерлерінің отбасы

Отағасы – Макиленов Ернұр, қазақ, 38 жаста, Ішкі істер органдарының қызметкері. «Ішкі істер органдарындағы мінсіз қызметі үшін» II дәрежелі және III дәрежелі, «Қылмыстық іздестіру қызметіне 100 жыл», «Құқық тәртібін қамтамасыз етуге қосқан үлесі үшін», «Қазақстан полициясына 30 жыл» медальдарының иегері.

Отанасы – Жаугашева Асем, қазақ, 47 жаста, Ішкі істер органдарының зейнеткері, запастағы полиция майоры, «Ішкі істер органдарындағы мінсіз қызметі үшін» II дәрежелі және III дәрежелі медальдарының иегері.



Үлкен ұлы Алмаз Алматы қаласындағы Халықаралық Технологиялар Университетін тәмамдаған. Қазіргі уақытта Алматы қаласындағы Izi радиосының радио жүргізушісі, актер, Васса models Kazakhstan Модельдік агентствосында кәсіби модель.

Жанұядағы екінші бала Еркеназ мектеп оқушысы, көптеген халықаралық, облыстық, республикалық конкурстардың жеңімпазы. Би үйірмесне қатысады.

Отбасының кенжесі Ералы Серебрянск қаласы қазақ орта мектебінің 2 сынып оқушысы. Көптеген облыстық, республикалық конкурстардың жеңімпазы. Бокс үйірмесіне қатысады.

Отбасының негізгі ұстанымы: Бала тәрбиесінің алғашқы алтын қазығы – туған ұясы, өз отының басындағы тәрбиесі, тілі.

Басты отбасылық қағидаттары: қандай жағдай болса да әрқашан бір біріне көмек көрсету, ауызбіршілікте болу.

Мадалиевтар отбасы – ауыл шаруашылығы өндірісінің майталмандары

Отағасы: Мадалиев Нұрмаханбет 1940 жылы туылған, 77 жасында қайтыс болды. «Қалқа» шаруа қожалығын құрып, жеке кәсіпкерлікпен айналысқан.

Отанасы: Мадалиева Шымшық – 1940 жылы дүниеге келген. Еңбек жолын 1960 колхозшы болып бастаған. 1965-1976 жылдары балабақша тәрбиешісі, 1976 жылы сүт фермасының лабораториясында лаборант болып қызмет атқарған.



Отбасы 2019 жылы Балуан Шолақ, Бәйдібек, Көктөбе ауылының тұрғындары, көп балалы, аз қамтылған 3 отбасыларға демеушілік көрсетіп, үй алып берді. 2022 жылы ауылдың 20 тұрғынына өз қаражаты есебінен Түркістан қаласына саяхатқа апарды. Сондай-ақ аз қамтылған, көп балалы және мүгедек мұқтаж жандарға азық-түлік ретінде көмектер көрсетіп тұрады.

Мадалиева Шымшық «Қайырымдылық керуені» V республикалық конкурсының «Туған жер» номинациясы бойынша II орын жүлдегері. «Батыр ана, «Алтын алқа», «Еңбек ардагері» ордендерінің иегері, «Шу ауданының Құрметті азаматы».

Ұлы - Мадалиев Сағадат Облыстық «Жомарт жүрек» байқауының жеңімпазы. Әке жолын жалғастырып қазіргі таңда «Қалқа» шаруа қожалығының жетекшісі. Асыл тұқымды жылқы өсірумен айналысады.

Көпбалалы Мадалиевтер отбасы - қазіргі ұрпақ үшін жарқын үлгі.



Ниетқабыловтар отбасы – отандық өнім өндіруші отбасы

Отағасы - Ниетқабылов Дулат, қазақ, 38 жаста. «Сағынгерей» шаруа қожалығының иесі.

Отанасы —Ниетқабылова Алия, қазақ, 38 жаста. Көпбалалы ана, «Күміс алқа» иегері. Жеке кәсіпкер.



Батыс Қазақстан облысы Казталов ауданы Сарықұдық ауылының тұрғындары - Ниетқабыловтар отбасы. Ниетқабыловтар отбасы - қарапайым еңбек адамдары, көп балалы жанұя.

Отағасы Ниетқабылов Дулат зайыбы Әлиямен бірге 2018 жылдан құрт жасау кәсібін қолға алып, қазіргі уақытта үлкен бизнеске айналдырып отырған жандардың бірі. Ата кәсіпті қолға алып, сиыр сауып, құрт өнімдерін жасап, 40 мың құрт сатып баспана салған берекелі отбасы. Қазіргі уақытта «Сағынгерей» шаруа қожалығы, шағын дүкендері бар, жақын арада наубайхана ашылуы жоспарланып жатыр. Ұл-қыздарын осы кәсіпке үйретіп, баулуда. Күніне 300-400 құрт жасалып, халыққа ұсынылады. Отбасы 20 сиыр сауып, сүт пісіріп, құрт қамына кірісіп, күнделікті қайталанбалы табанды еңбектің арқасында үлкен кәсіпті осылай дөңгелетіп отыр. Сұраныстың болуына байланысты жасалған өнімдерді шекаралас Ресей Федерациясына қарасты ауылдарға жіберуде.

Жанұяда 6 бала - Бейбарыс, Жансерік, Аманбек, Манас, Рамазан есімді ұлдар мен Айзере атты қыздарын тәрбиелеп отыр. Балалары өте зерек, білімді, өнерлі болып өсіп келеді. Тынымсыз, адал еңбекпен өмір сүріп, жетістікке жете білу - Ниетқабыловтардың басты ұстанымы.



Амриндер отбасы – тыл ардагерінің отбасы

Отағасы - Амрин Елубай, қазақ, 89 жаста, еңбек және тыл ардагері, зейнеткер.

Жұбайы - Жұмабекова Шакитай, қазақ, 82 жаста, көп балалы ана, «Алтын алқа» иегері.



Амрин Елубай, өмір бойы жүк көлігінің жүргізушісі болып жұмыс істеді. Соғыс жылдарындағы қиын-қыстау кезеңдерді бастан кешіріп, өзі бала кезден еңбекпен өскендіктен өз балаларын да адал еңбекке баулып, тәрбиелеген. Қазіргі уақытта ел адамы, аудан бойынша Құрметті азамат болып, өнегелі өскелең ұрпақ тәрбиелегені осы адал еңбектің арқасы.

Жұбайы Шакитай бала тәрбиесімен айналысты, «Алтын алқа» иегері.

Отбасы құрғандарына биыл 65 жыл. Отбасында - 9 бала, 32 немере, 30 шөбере.



Ермағамбетовтер отбасы – машина жасау саласының майталман жанұясы

Отағасы - Ермағамбетов Алтай, қазақ, 72 жаста, зейнеткер. 30 жыл механизатор болып еңбек еткен. Жергілікті депутат болған кісі.

Отанасы - Ермағамбетова Зылиха Қамзақызы, қазақ, 68 жаста, зейнеткер, көпбалалы ана. «Алтын алқа» иегері



Ермағамбетов Алтай - зейнеткер, 30 жыл механизатор болып еңбек еткен. Жергілікті депутат болған кісі.

Жары, Ермағамбетова Зылиха - зейнеткер, көпбалалы ана. «Алтын алқа» иегері 10 бала дүниеге әкелген ұлағатты ана.

Некеде 49 жыл. Отбасында 10 бала (5 қыз, 5 ұл), 19 немере, 1 шөбере бар.

Отбасындағы оныншы қыз Ермағамбетова Жансая Алтайқызы 2022 жылы БАӘ Абу-Даби қаласында аралас жекпе-жектен өткен әлем чемпионатында үшінші орынды иеленген.

2022 жылғы «Жекпе-жек» әлем кубогының чемпионы. Жекпе-жектен Қазақстан Республикасының чемпионы және Қазақстан кубогы, «Жекпе-жек»

бойынша спорт шебері. Ол - аралас жекпе-жек жаттықтырушы.

Оның есімі 2022 жылы спортты дамыту мақсатында аудандық

«Altyn Daryn» алтын жастар кітабына енді. Адал еңбегі, кәсіби

біліктілігі, ауданның қоғамдық өміріне белсене қатысқаны үшін

Алтынсарин ауданының әкімі А.Сартовтың құрмет

грамотасымен марапатталған.



Смағұловтар отбасы – Ұлы Отансоғысы ардагерінің отбасы

Отағасы - Смағұлов Қабақ Смағұлұлы, қазақ, 100 жаста, зейнеткер, Ұлы Отан соғысының ардагері, «Қызыл жұлдыз», II дәрежелі «Отан соғысы» ордені және «Ерлігі үшін», «КСРО Қарулы Күштеріне - 70 жыл», маршал Г.К.Жуков атындағы медальдарының иегері.

Отанасы - Смағұлова Күлжан, қазақ, 90 жасында қайтыс болған.



Смағұловтар отбасы 10 бала, 22 немере және 32 шөбере, 2 шөпшек тәрбиелеп отырған, мәуелі бәйтеректей жайқалған отбасы. Балалары мен немерелері білім, медицина, спорт салаларымен қатар жеке шаруашылықпен айналысып, еліміздің агроөнеркәсіптік саласына өз үлесін қосып отырған шаңырақ.

Отбасының негізгі ұстанымдары: Ұл-қызын еңбекпен өсіріп, үлкенді сыйлап, кішіге құрмет көрсете білуге, қайырымды, мейірімді, ортаға сыйлы мінезді болу, сабырлылықпен әділ басшылық жасау, ешкімнің ала жібін аттамай, ешкімге қиянат келтірмей, адалдық пен адамгершілік тізгінін тең ұстап жүру - тектілік пен парасаттылықтың белгісі деп санайды.



Тастеміровтер отбасы – ұлттық қолөнер бұйымдарын дәріптейтін отбасы

Отағасы - Тастеміров Шалабай, қазақ, 95 жаста, зейнеткер. «Еңбек ері», «Социалистік жарыстың жеңімпазы», Халық шаруашылығы жетістіктер көрмесіннің күміс медалінің иегері. Маңғыстау, Сыңғырлау совхоздарында мал дәрігері, ферма меңгерушісі қызметтерін атқарған. Зейнетке шыққан соң Сыңғырлау ауылдық ақсақалдар кеңесінің төрағасы.

Отанасы - Тастемірова Орис, қазақ, 85 жаста, зейнеткер, көпбалалы ана. «Батыр ана» медалі және «Алтын алқа» иегері. 1985 жылдан бастап өзінің кәсіп қылған киіз үйімен айналыса бастады: сыртқы ақ киіздерінен бастап, ішкі бау, басқұр, шашақтарын, кілем-төсеніштерін түгел жаңғыртып, кереге, уық, шаңырақтарына дейін қайтадан сырлап, дайындаған.



Тастеміровтер отбасы - 13 бала, 45 немере, 58 шөбере тәрбиелеп өсіріп отырған үлкен қара шаңырақ. Тастеміровтер отбасынан 10 мұғалім, 8 жеке кәсіпкер, 5 мұнайшы, 3 байланыс қызметкері, 4 мемлекеттік қызметкер, 4 «Алтын белгі», 3 «Үздік аттестат» иегерлері шыққан. Немеренің үлкені 37 жастағы мұнайшы, шөберенің алды 15 жастағы мектеп оқушысы.

Отбасының негізгі ұстанымы: Бала тәрбиесінің алғашқы алтын қазығы - туған ұясы, өз отанының басындағы тәрбиесі, тілі.

Басты отбасылық қағидаттары: Қандай жағдай болса да әрқашан бір біріне көмек көрсету, ауызбіршілікте болу.



Мұрсаловтар отбасы- ұстаздар әулеті Жалпы педагогикалық өтілі- 193 жыл

Әкесі - Мұрсалов Илдебай Закариянович, 1953 жылы 5 наурызда туған. Ұстаздық өнерді балаларына дарытқан ардагер ұстаз.

Анасы - Бейбутова Салимаш 1951 жылы 1 тамызда туған. Ардагер ұстаз.



Мұрсалов Илдебай Закариянович – 42 жыл еңбек өтілі бар тарих пәні мұғалімі және мектеп директоры болып еңбек етсе, Бейбутова Салимаш – 11 жыл технология пәнінен сабақ берген, бүгінде екеуі де зейнет демалысында. Ұстаз, мектеп басшысы ретінде еңбегі әрдайым еленіп, әртүрлі марапаттарға ұсынылып жүрді, соның ішінде 2015 жылғы ҚР Президентінің жарлығы бойынша иеленген медалін атап өтуге болады, сонымен қатар облыстық білім басқармасының құрмет грамотасын бірнеше мәрте иеленді. 2008 жылы Павлодар облысының әкімдігінің ұйымдастырған Отбасылық әулеттер шеруіне «Белсенді қатысқаны үшін» алғыс хатпен марапатталған болатын. ҚР Президентінің 2015 жылғы 5 тамыздағы Жарлығы бойынша «Қазақстан Конституциясына 20 жыл» медалімен марапатталды. 2020 жылы «Баянауыл ауданына сіңірген еңбегі үшін» төсбелгісімен, 2022 жылғы 28 қыркүйекте «Облыс алдында сіңірген еңбегі үшін» белгісімен марапатталды.

Мұса Шорман ауылының бір көшесі Мұрсалов Закария атамның атымен аталған. 2014 жылы Қ.И.Сәтбаев атындағы мектептің үздік және озат оқушыларына «Мұрсалов Закария атындағы шәкіртақы» тағайындалды. Мұса Шорман ауылының кіре беріс қақпасының салынуына, мешіттің құрылысына демеушілік жасады.

Мұрсаловтар отбасында 5 бала, 5 немере тәрбиелеп, өсіріп отыр.

Саналы да, білімді болашағын қалыптастыру әрбір ата-ананың мерейлі міндеті, парасатты парызы - Мұрсаловтар отбасының басты ұстанымы.



Ескеновтер отбасы – құрылыс саласы қызметкерінің жанұясы

Отағасы – Ескенов Зейнолла Айтымұлы, қазақ, 67 жаста, зейнеткер. Қажырлы еңбегі үшін № 4 Көкшетау Селстрой тресінің ПМК - 445 Құрмет кітабына ие болды. Оның көптеген грамоталары, алғыс хаттары бар.

Отанасы – Ескенова Күлбан Қайыржанқызы, қазақ, 64 жаста. Соңғы жұмыс орны - «Күншуақ» балабақшасының меңгерушісі. Бүгінгі таңда лайықты демалыстағы Күлбан Қайыржанқызы Кішкенекөл ауылында өз дүкені бар. 1990 жылы Щучье педагогикалық училищесін бітірді. Көп жылдар бойы бастауыс сыныптарының мұғалімі болған.



Ескеновтер отбасы ауданның қоғамдық өміріне белсенді қатысады. Қайырымдылықпен айналысады, аз қамтылған отбасыларға көмектеседі.

Отбасында төрт бала, 11 немере бар. Барлық балалары жоғары білімдері бар.

Отбасының негізгі принциптері: балаларды достық пен еңбекте тәрбиелеу, үлкендер мен кішілерге құрмет көрсету, мейірімділік, мейірімділік, қоршаған ортаға құрметпен қарау.

Отбасының негізгі ережелері: өзара сыйластық, қоғамға пайдалы болу, адал еңбекпен өмір сүру, мерекелерді бүкіл отбасымен атап өту.



Абилдаевтар отбасы – мұғалімдер отбасы

Отағасы – Абилдаев Сабит Абилдаұлы, қазақ, 86 жаста, зейнеткер. Тыл ардагері.

Жұбайы – Абилдаева Аймжан Керімбайқызы, қазақ, 79 жаста, зейнеткер, көпбалалы ана. «Алтын алқа» иегері.



Абилдаев Сабит Абилдаұлы – көп жылдар бойы мектепте мұғалім болып жұмыс асаған. Бастауыш сынып мұғалімдерінің секциасын басқарған.

2022 жылы 1 қыркүйекте Қ.Тыныбеков атындағы орта мектебінде «Абилдаевтар» атына «Бастауыш» сыныбы ашылды.

Жұбайы Абилдаева Аймжан Керімбайқызы – мектепте мұғалім болып жұмыс жасаған. Берекелі ынтымақты отбасында 4 ұл 3 қыз дүниеге келтіріп, ұлды ұяға, қызды қияға қондырған Абыз Ата-Ана.

Абилдаевтар отбасы 7 бала, 29 немере және 35 шөбере тәрбиелеп отырған, бақытты отбасы. Ата мен апаның ұстаздық жолын қыздары жалғастырып білім саласында адал еңбек етсе, ұлдары да өз салаларының білікті маманы. Атамыздың ұл-қызынан тараған немерелеріде жақсы біліммен тәрбие алған мемлекеттік грант иелері.



Қайрановтар отбасы – мал шаруашылығымен айналысатын отбасы

Отанасы – Қайранова Алтынхан, қазақ, 81 жаста, зейнеткер, шопан, «Алтын алқа» төсбелгісі, «Еңбек ардагері», «Медаль материнства», «Материнская Слава III степени» ордендерінің иегері.

Қайрановтар әулетінің анасы 1944 жылы Алматы облысы Алакөл ауданы Коммунизм совхозында дүниеге келген. Ұлты қазақ, білімі орта, жалпы еңбек өтілі 40 жыл.

Қазіргі уақытта балаларын, немерелерін, шөберелерін жақсы көретін бақытты әже.



Отанасы Қайранова Алтынхан жұбайымен «Жайпақ» ауылында (бұрынғы Коммунизм совхозы) ата-енесінен ұрпақтан ұрпаққа мұра болып келе жатқан шопандық қызметті атқарып келеді.

Шопандық кәсіпті болашақ ұрпақтары жалғастырып, бүгінде үлкен ұлы осы мал шаруашылығын дөңгелетіп отыр.

Қайрановтар отбасы 6 ұл, 1 қыз тәрбиелеп өсірді, бұл балаларынан 20 немере, 31 шөбере сүйіп отыр, балалары әр салада қызмет етуде, қазіргі кезде балаларының, немере, шөберелерінің сүйіспеншілігіне бөленген, бақытты әже.



Доспановтар әулеті – металлургтер әулеті

Отағасы Доспанов Қойшыбек – «1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысындағы ерлік еңбегі үшін» орденінің иегері, Қарсақбай, Жезқазған мыс зауытының балқытушысы, КСРО Құрметті металлургі, Қаз КСР-на еңбек сіңірген металлургі, Еңбек Қызыл Ту және Октябрь революциясы ордендерінің иегері. 2017 жылы 90 жасында қайтыс болды.

Жұбайы Бәйділдәқызы Бәтима - «Материнская слава I степени», «Алтын алқа» ордендарын иеленген көпбалала ана.



Жезқазғанда металлург кәсібін ұрпақтан-ұрпаққа жалғастырып келе жатқан Доспановтар әулетінің мыс қорыту зауытындағы жалпы еңбек өтілі - 347 жыл.

Доспановтар отбасында 11 бала, 28 немере, 26 шөбере, 1 шөпшек бар.

Мыс қорыту зауыты – әке жолын балалары, немерелері жалғастырған еңбек әулетінің екінші үйіне айналды.

Ұлдары Абдрашит металлургия саласының «Еңбек даңқы ковалері», III дәрежелі Еңбек даңқы медалінің иегерлері атанды.

«Ат тұяғын тай басар» дегендей, әке өнегесін жалғастырған Әбдірашиттің бастамасын бауырлары да құп көріп, іліп әкетті. Қазіргі уақытта «Қазақмыс» корпорациясында және мыс зауытында Доспановтар әулетінен 10 шақты адам еңбек етуде.

Металлургия саласындағы жұмысшы әулеттерінің ұрпағын сақтап қалуға өзінің оң үлгісімен белсенді ықпал етіп келе жатқан нағыз еңбек жолын дәріптейтін, ұлттық салт-дәстүрді құрметтейтін Доспановтар әулеті – жас қазақстандықтар үшін жарқын үлгі.



Досумбаевтар отбасы – ішкі істер органдары қызметкерлерінің отбасы

Отағасы – Досумбаев Қайрат Төлеумұхаметұлы, қазақ, 58 жаста

Жұбайы – Досумбаева Зухра Тұрсынқызы, қазақ, 57 жаста



Отағасы Қайрат Төлеумұхаметұлы ішкі істер саласының ардагері. Еңбек жолын 1986 жылы бастап, 2011 жылға дейін Аягөз аудандық ішкі істер бөлімінде қызмет етті. Қазіргі уақытта зейнеткерлік демалыста.

Жұбайы Зухра Тұрсынқызы жеке кәсіпкер.

Ерлі-зайыптылар 35 жыл бойы бірге. Отбасында 4 бала (3 қыз, 1 ұл), 4 немере бар.

Балалары әке жолын қуып, ішкі істер саласында еңбек етіп келеді.

Ұлы: Төлеумұхаметов Төлеубек Қайратбекұлы ҚР ІІМ Алматы академиясын аяқтаған. Аягөз ауданының криминалдық полиция бөлімінің жедел уәкілі.

Келіні: Досумбаева Лаура Ғазизқызы ҚР ІІМ Қарағанды академиясын тәмамдаған. Аягөз ауданының полиция бөлімінде тергеуші.

Өңірдің қоғамдық-саяси өміріне белсене араласады. Салт-дәстүр мен отбасылық құндылықтарды сақтай білген берекелі жанұя.

Досумбаевтар отбасының негізгі қағидасы – «Пайда ойлама, ар ойла».

